

УДК 304.9

Нурмагамбетова, Л.И.

экономика ғылымдарының кандидаты, қоғамдық пәндер, құқық және экономика негіздері кафедрасының қауымдастырылған профессоры, ҚМПУ, Қостанай, Қазақстан

Молдахметов, Н.Б.

құқық магистрі, қоғамдық пәндер, құқық және экономика негіздері кафедрасының оқытушысы, ҚМПУ, Қостанай, Қазақстан

ПРАГМАТИЗМ – РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН ЖОЛ

Түйін

Осы мақалада Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласының 2 бағыты – Прагматизмнің ел экономикасында алатын орнының маңыздылығы туралы айтылған. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласының «Прагматизм» деп аталатын екінші бөлімі арнайы оны ойталқыға салып, түсіндірмелі талдаулар жасауды талап етеді. Өйткені «прагматизм» ұғымы көпшілік қоғамдық сана үшін арнайы түсіндіруді қажет ететін кәсіби философиялық термин санатына енеді.

***Кілт сөздер:** Рухани жаңғыру, прагматизм, ұлттық код, бәсекеге қабілеттілік, адам капиталы, үнемшілдік.*

1 Кіріспе

Әлемнің барлық елдері өз дамуын салыстыратын мойындалған рейтингтер бар. Осыдан бірнеше бұрын алдымызға әлемнің бәсекеге қабілетті 50 елінің қатарына кіру жөнінде жалпыұлттық міндет қойылды. 2017 жылы Қазақстан Дүниежүзілік экономикалық форумның рейтингінде 51-орынды иеленді. Біз бүгін осы мақсатымызға таяқ тастам ғана қалдық. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында Қазақстан ХХІ ғасырдың ортасына қарай әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарында болуға тиіс деген мақсат қойылды.

2 Талқылау

Енді осы мақсатқа жету үшін Қазақстан Республикасының Президенті 2015 жылғы 20 мамырдағы «100 нақты қадам» атты бағдарламасының 76-қадамында Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы елдері стандарттарының негізінде адам капиталының сапасын көтеруді алға қойды.

Қазақстан дамушы елдер қатарынан дамыған елдер қатарына кіру үшін табиғи ресурстарға негізделген экономикадан, негізгі өсімде басты рөлді адам капиталы атқаратын экономикаға көшуі тиіс.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында еліміздің ары қарай дамуына, әлемдегі экономикасы дамыған 30 елдің қатарына қосылу, алға қойған мақсаттарымызға жету туралы баяндайды. Сонымен қатар бұл мақалада ұлттық сананы жаңғырту, ұлтымыздың болмысын, ұлттық кодты сақтап, оны Қазақстанның дамуына, оның игілігіне жарату негізінде, еліміздің ары қарай дамыту болып табылатыны айтылады. Онда еліміздің Президенті Қазақстан үшін қайта түлеудің айрықша маңыздылығын түсіндірді. Бұл жаңғыруда аталып өткен аса маңызды екі үдеріс – саяси реформа мен экономикалық жаңғыру. Бұл жүйе арқылы біртұтас біріккен ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынымызды және сананы қалай өзгертетіні жөнінде өз пікірімен, ойымен бөлісті.

Мемлекет басшысының мақаласы, бұл – ең алдымен ХХІ ғасырдағы шынайы өмірдегі ұлттық сананы білдіретін және қоғамда қалыптасқан сананы өзгерту жолындағы дүниетанымдық мақала.

Елбасымыз бұл жаңғырудың негізгі қызметі мен ерекшеліктеріне ой жүгіртіп, бұл жаңғырудың маңыздылығына тоқталды. Саяси, экономикалық реформаларда тәуелсіз, егеменді еліміз көптеген бірқатар жақсы нәтижелерге қол жеткізгені барша халыққа мәлім. Ол – адами құндылықтар, жастарға білім беру, жастарды тәрбиелеу, олардың бойына сіңіру болып табылады. Елбасымыздың рухани жаңғыруға, білім мен ғылымға маңыз беруі – үлкен көрегендік. Бұл жаңғыру – егемен, тәуелсіз еліміздің болашағы мен келешегі үшін жасалған ең үлкен жұмыс. Сондықтан рухани байлығымыздың маңыздылығы – яғни, бұл әрбір жеке тұлғадан құрылған қоғам, туған еліміз, жеріміз үшін де өте маңызды үдеріс болып табылады. Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың ғасырдағы ұлттық сананы кеңінен дамытудың, жаңғыртудың бірнеше бағытын ұсынды:

1. Бәсекелік қабілет.
2. Прагматизм.
3. Ұлттық бірегейлікті сақтау.
4. Білімнің салтанат құруы.
5. Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы.
6. Сананың ашықтығы.

Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласының «Прагматизм» деп аталатын екінші бөлімі арнайы оны ойталқыға салынып, түсіндірмелі талдаулар жасауды талап етеді. Өйткені «прагматизм» ұғымы көпшілік қоғамдық сана үшін арнайы түсіндіруді қажет ететін кәсіби философиялық термин санатына енеді.

Қанымызға сіңген көптеген дағдылар мен таптаурын болған қасаң қағидаларды өзгертпейінше, біздің толыққанды жаңғыруымыз мүмкін емес.

Прагматизм – өзіңнің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағыңды жоспарлай алу, ысырапшылдық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердеңдікке жол бермеу деген сөз. Қазіргі қоғамда шынайы мәдениеттің белгісі – орынсыз сән-салтанат емес. Керісінше, ұстамдылық, қанағатшылдық пен қарапайымдылық, үнемшілдік пен орынды пайдалану көргенділікті көрсетеді.

Нақты мақсатқа жетуге, білім алуға, саламатты өмір салтын ұстануға, кәсіби тұрғыдан жетілуге басымдық бере отырып, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдалану – мінез-құлықтың прагматизмі деген осы.

Елбасы «бүгінгі радикалды идеологиялар ғасыры келмесе кетті. Енді айқын, түсінікті және болашаққа жіті көз тіккен бағдарлар керек. Адамның да, тұтас ұлттың да нақты мақсатқа жетуін көздейтін осындай бағдарлар ғана дамудың көгіне темірқазық бола алады. Ең бастысы, олар елдің мүмкіндіктері мен шама-шарқын мұқият ескеруге тиіс. Яғни, реализм мен прагматизм ғана таяу он жылдықтың ұраны болуға жарайды» деген ойды алға тартады. Сонымен, прагматизм идеологиясы – қазақ қоғамының басты қозғаушы күштерінің бірі, дүниетанымымыздың негізі, іс-қимылымыз бен ұстанымдарымыздың, құндылықтарымыздың темірқазығы. Қысқаша айтқанда, рухани жаңғырудың бағыттарын айқындайтын өмір сүру философиясы. Ол бәсекелікке қабілеттіліктің де, білім сапасы мен салтанат құруын да, жаңа сана үлгісін де, өмір салтымыз бен адами қатынастарымызды, санамыздың ашықтығы мен өзгеру бағытымызды айқындайтын парадигмаға айналмақшы.

Біздің әлі де болса, еңбекті, байлықты бағалай алмай жүргеніміз байқалады. Келген байлық адал еңбектің нәтижесі болса, маңдай теріңмен келсе, мүмкін ойланған болар ма едік? Байлық шашуды емес, жинауды, еселеуді, үнемдеуді қалайды. Байлықтың иесі мен киесі болады. Біздегі байлықтардың иесі болғанмен, киесі жоқ. Киесіз байлық кетуге, шашылуға дайын тұрады. Абай сөзімен айтқанда, «иттікпен тапқан малды, адамшылықпен жұмсайтын» уақыт жеткен тәрізді. Бұл – бүгінгі байлықты ұқсату мен жаратудың формуласы. Оның менталдық негізіне жататын қасиеттер – надандық, мақтаншақтық, жалған бақталастық пен бәсекелестік, шектен шыққан тұтынушылық психология. Бұл жағымсыз қасиет жеке бастың деңгейінен асып, қоғамдық нормаға айналып бара жатқаны да белгілі. Рухани жаңғырудың менталдық кедергілері де осында.

3 Қорытынды

Елбасының прагматизмнің жарқын үлгілерін бабаларымыздың өмір салтынан іздеп, оны бүгінгі өскелең ұрпақтың мінез-құлықтық негізі, іргетасы ретінде қалыптастыру, бүгінгі ұлттық идеологияның басты бағыттарының бірі екенін баса көрсетуі өте орынды. Ұлт менталитетінде өзіндік орны бар құндылықтардың бірі үнемшілдік, қанағатшылдық. Соңғысы астамшылдық пен ысырапшылыққа жол бермеудің тегеріштері, тосқауылдары. Кезінде Макс Вебер өзінің «Протестанттық этика және капитализм рухы» атты еңбегінде ысырапшылдық пен астамшылдыққа жол бермеуді протестанттық этикадан іздегені белгілі. Еңбекқорлық, тәртіп адалдық, үнемшілдік кәсіпкерліктің рухани негізі ретінде қарастырылып, оларды протестантизм дінінің өркениеттік дамуға қосқан үлесі ретінде қарастырды. Адамдар бойындағы еңбекқорлық пен үнемшілдікті тек протестанттық діни этика қалыптастырды десек артық айтқан болармыз. Осындай астамшыл пиғылы үшін кезінде Макс Вебердің жоғарыда аталған еңбегін Люк Болтански, Эв. Кьяпелло, Хенрик Гроссман сынға алған болатын. Олай болса, еңбекқорлық, үнемшілдік, тәртіп, адалдық, кімге де болса ортақ қасиет. Ұлт мәдениеті неғұрлым осы жоғарыда аталған құндылықтарды адамдар іс-әрекетінің негізі ретінде қалыптастыруға ұмтылса, ықпалы мен пәрмені күшті болса, саналы түрде бағытталса, аталған құндылықтар солғұрлым адамдар санасы мен мінез-құлқында көрінері сөзсіз. Елбасының ұлт менталитетінсіз, мәдениетінсіз жаңғыру дегеніміз құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай деп отырғаны да осы.

Әдебиеттер тізімі

1 «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты Қазақстан Республикасының Президенті – елбасы Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қ., 2012 жылғы 14 желтоқсан.

2 100 нақты қадам Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 20 мамырдағы бағдарламасы.

3 Даукеева А.К., Байхадамова Ж.А. Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру [Электрондық ресурс] // Молодой ученый. – 2018. – №14.1. – С. 6–7. Қолдану режимі: <https://moluch.ru/archive/200/49088/> (дата обращения: 30.10.2018).

4 Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы.

5 Қазақы прагматизм [Электрондық ресурс] / Қолдану режимі: <https://egemen.kz/article/qazaqy-pragmatizm>.

Материал редакцияға түсті: 27.11.2018

НУРМАГАМБЕТОВА, Л.И., МОЛДАХМЕТОВ, Н.Б.

ПРАГМАТИЗМ – ПУТЬ РЕАЛИЗАЦИИ ДУХОВНОГО ВОЗРОЖДЕНИЯ

В данной статье говорится о важности прагматизма в экономике страны – 2 пункт статьи Главы государства Н.А. Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания». Второй пункт «Прагматизм» статьи Главы государства «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» требует специального ее осмысления и проведения разъяснительных анализов. Потому что понятие «Прагматизм» входит в категорию профессионального философского термина, который требует специального толкования для большинства общественного сознания.

Ключевые слова: *духовная модернизация, прагматизм, национальный код, конкурентоспособность, человеческий капитал, экономичность.*

NURMAGAMBETOVA, L.I., MOLDAKHMETOV, N.B.

PRAGMATISM IS A WAY OF SPIRITUAL MODERNIZATION

This article talks about the importance of pragmatism in the economy of state – paragraph 2 of the article of the Head of state N.A. Nazarbayev «Course towards the future: modernization of Kazakhstan's identity». «Course towards the future: modernization of Kazakhstan's identity» requires special understanding and explanatory analyses. Because the concept of «Pragmatism» is included in the category of professional philosophical term, which requires a special interpretation for the majority of public consciousness.

Key words: *spiritual modernization, pragmatism, national code, competitiveness, human capital, efficiency.*